



ҚАСИЕТТІ АЙДАН  
ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ  
ЖАҚСЫЛЫҚ  
КҮТЕДІ  
**2-бет**



ДУЛАТ ИСАБЕКОВ:  
БІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІН  
ҚОРЛАП ОТЫРҒАН ӘЛЕМДЕГІ  
ЖАЛҒЫЗ ЕЛМІЗ...  
**7-бет**



КОГДА КАЗАХСКИЙ  
СТАНЕТ ЯЗЫКОМ  
МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО  
ОБЩЕНИЯ?!  
**12-бет**

# ҚАЗАҚ ҮНІ 20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №15-16 (885-886), 20.04.2020-27.04.2020жыл

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

**ҮКІМЕТ БҮГІН 180 МЛН. \$ ШЫҒАРЫП, 2029 ЖЫЛЫ 3,0 МЛРД. \$ ТАПҚЫСЫ КЕЛЕ МЕ?**



Тынымбай Нұрмағанбетов,  
жазушы:

### АХТАНОВТЫ ІЗДЕУ

1963 жылдың жазында жастар шығармашылығына арналып жарық көрген «Жұлдыз» журналының алтыншы саны қолыма тигені бар. Ол кез менің бірдеңелер жазғым, оқығым келіп алабұртып жүрген кезім. Сол санда Ш.Айтматовтың «Құс жолы» повесі мен Т.Ахтановтың «Дала сыры» романы бастап жарияланды. Жазушының шығармашылығы түгілі, суретіне де қызыға қарайтын шағымыз.

**8-9**  
бет



**5**  
бет

Қай заманда болсын қоғам мен мемлекет тығырыққа тірелгенде төте, ерекше жол табу қажеттілігі туады. 30 жылдық «өтпелі кезең» артта қалды деп есептеп, жаңа дәуірдің басталуы – уақыт талабы. Ол дәуір мен өзім «ұлтшылдар» билікке келгенде басталады деп санаймын. Билікке келмес бұрын дайындық керек, бұл жайлы әр мақала сайын айтсақ артық болмайды. «Билікке келгенде неден бастаймыз?» деген сұраққа әрбір ұлтшыл азамат «екі жерде екің – төрт!» дегендей сарт еткізіп жауап бере алатын болуы тиіс. Сол кезде жүзеге асырылуы ауадай қажет бір жақсы жоба жайлы сіздермен ой бөліспекшімін. Шынына келгенде, оның «пилоттық жобасы» іске асып, сынақтан өтіп қойған, жиналған азды-көпті тәжірибе бар деуге болады. Ол үшін алдымен автордың, бауырымыз Ауыт Мұқибектің аузымен кішкентай лирикалық шегініс жасап алайық.

## ЕЛІМІЗДЕ СОҢҒЫ 15 ЖЫЛДА ЭПИДЕМИЯ МАМАНДАРЫ ДАЯРЛАНБАҒАН

Елімізде эпидемияның таралу тенденциясын кәсіби тұрғыда бағалай алатын мамандар аз. Қазақстанда 2007 жылдан бері эпидемиолог мамандарын дайындалмаған. Бұл туралы бүгін «Ақ жол» фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев өзінің депутаттық сауалында мәлімдеді.

**4**  
бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ  
ДЕ, РЕСМИ ТІЛ ДЕ,  
ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛ ДЕ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛУЫ ТИІС!

-Отыз жылдан бері Тәуелсіз елдің ең басты белгісі -Мемлекеттік тіл мәселесін шеше алмай келе жатқанымыз ең алдымен билікке де, бізге де, яғни халыққа да сын! Намысың келеді! Үкімет жиыны өтіп жатқанда экранға қарасаң да, жұмыс бабымен мемлекеттік болсын, жекеменшік болсын мекемелерге кіріп қалсаң да орыс тілінде қарсы алады әлі. Кейде ойлайсың, осы біз Тәуелсіздікті алдық па, жоқ па деп?!

**6**  
бет

## НЕОБХОДИМО ИСКЛЮЧИТЬ 2 ПУНКТА 7 СТАТЬИ КОНСТИТУЦИИ И ПРИНЯТЬ ЗАКОН О ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ! ДЛЯ ЧЕТКОГО ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТАТУСА ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА СЛЕДУЕТ ИСКЛЮЧИТЬ 2 ПУНКТА 7 СТАТЬИ ИЗ КОНСТИТУЦИИ!

Защита статуса государственного языка становится самым главным вопросом в стране. С этой целью на национальном портале «Қазақ үні» ранее были опубликованы многочисленные статьи об исключении 2 пункта 7 статьи Конституции РК. Среди них ключевым, узловым является Открытое письмо Президенту Казахстана, опубликованное три года назад, 26 февраля 2017 г. «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНСІН!»



**10**  
бет

# ҚАСИЕТТІ АЙДАН ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТЕДІ

Айлардың сұлтаны – Рамазан мұсылмандар үшін қасиетті ай болып есептеледі. Сондықтан да адамдар бір-бірімен әдеттен гөрі тату, ынтымақты өмір сүріп, ой мен амалдың екеуінің де тазалығы маңызды боп саналады. Осы айтулы сауапты шараға орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Рамазан айының басталуымен құттықтады.

«Баршаңызды қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – бүкіл әлемдегі мұсылман қауымы үшін рухани жаңару мен жаңғыру кезеңі. Рамазан айында әрдайым ырыс пен ынтымақ, ізгілік пен мейірім салтанат құрады. Отыз күн Оразада мұқтаж жандарды қолдап, қайырымдылық көрсету игі дәстүрге айналды.

Өкінішке қарай, биылғы Рамазан айы төтенше жағдай кезеңіне тұспа-тұс келіп



отыр. Сондықтан, жамағатты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұсынымдарын орындауға, індетке қарсы күресте бірлік пен жауапкершілік танытуға шақырамын.

Біз, Қазақстан халқы, қанымызға сіңген қадір-қасиеттің арқасында кез-келген сынақтан абыроймен өтеміз деп сенемін. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке

және толағай табыс тілеймін!» – делінген құттықтауда.

Ораза – Құдаймен жақындасуға бет бұратын әр мұсылманның алдындағы ғибадаты. Ораза ұстау амалының мақсаты – адамның ішкі жан дүниесін тазарту болып табылады. Қасиетті ай бүгінгі басымызға түскен қиындықтардан құтқарып, қазақ жеріне ырыс-берекесін ала келгей!

## ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҰСЫНЫСТАРЫ ІСКЕ АСА БАСТАДЫ



Ұлттық кеңестің бастамасымен саяси реформалар бағытында дайындалған кезекті заң жобалары Мәжілісте қаралып, бекітілді. Бұл туралы Президент кеңесшісі, Ұлттық Кеңес хатшысы Ерлан Қарин мәлімдеді.

Атап айтқанда, партияларды тіркеу үшін қажетті мүшелердің саны екі есе азайтылды және партиялық тізімдерде әйелдер мен жастардың үлесі міндетті түрде 30 пайыз құру жөніндегі норма енгізілді.

Бұл өзгерістерді қабылдау

қажеттігі жөнінде Ұлттық кеңестің екінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған болатын. Бұл заң жобасы кең талқылаулардан өтті – алдын ала арнайы порталда жарияланып, мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестерде, басқа да қоғамдық алаңдарда қаралды.

Мәжіліс тарапынан құрылған жұмыс тобындағы талқылауларға да Ұлттық кеңестің мүшелері (Андрей Чеботарёв, Марат Башимов, Төлеутай Рақымбеков,

Дания Еспаева), белгілі заңгерлер, қоғам белсенділері, сарапшылар қатысқан болатын. Сондықтан, Мәжіліс қабылдаған бұл жаңа заң жобасы бір жағынан, Президенттің маңызды саяси бастамаларына үлкен заңнамалық қолдау екенін, екінші жағынан Ұлттық кеңестің нәтижелі жұмысының тағы бір көрінісі деуге болады.

Таяу уақытта, Мәжілісте Ұлттық кеңесте көтерілген тағы басқа маңызды бастамалар қаралады, ол парламенттік оппозиция туралы мүлдем жаңа норма болмақшы.

## СТУДЕНТТЕР ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

ҚР Білім және ғылым министрлігі емтихандарды тапсыру мен дипломдық жұмыстарды қорғау бойынша әдістемелік жаңа ұсыныстар әзірледі. Оны ҚР Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленов ЖОО ректорларымен бірге қашықтан білім беру жағдайында емтихандар мен дипломдық жұмыстарды қорғау қалай өтетінін түсіндірді.

Вице-министр Мирас Дәуленов емтихандарға қатысты студенттерді екі санатқа бөлу қажет екенін айтты, олар – 1,2,3-курс студенттері және биыл оқуын тәмамдағандар.

Студенттердің бірінші санатына қатысты қиындық жоқ, олар сессияларын тапсырады. Оның 3 жолы ұсынылуда:

1. Емтиханды қашықтан

тапсыру форматы;

2. Пән бойынша бағаны ағымдағы бағаларының негізінде қою;

3. «I» (Incomplete) баға-сын қою арқылы емтихан тапсыру мерзімін шегеру. Бұл студенттерге емтиханды кейін тапсыруға мүмкіндік береді және оларды оқудан шығарудан қорғайды.

Студенттердің екінші санаты – соңғы курс студенттері.

Егер карантиндік шектеулер алынбаса, онда дипломдық жұмыстар қашықтан қорғалады. Айта кетерлігі, студенттер дипломдық жұмыстарын ақпан-наурыз айларында алдын-ала қорғаған болатын, яғни, негізгі жұмыс атқарылды.

Кешенді емтиханға келетін болсақ, мұнда әрбір ЖОО үш нұсқаның бірін қолданады:

1. Кешенді емтиханды қашықтан тапсыру форматында өткізу;

2. Жиынтық бағаны базалық пәндер бойынша бағаларының негізінде қою;

3. Кешенді емтиханды кешірек мерзімге ауыстыру (жазға немесе күзге).

Осылайша, ЖОО министрлік тарапынан рұқсат алмай-ақ, жиынтық бағанының негізінде қою арқылы кешенді емтихандарды өткізбеу туралы шешім қабылдай алады.

Естеріңізге сала кетсек, 2018 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары академиялық дербестік алды, соған байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстар заңнамаға толық сәйкес келеді.

ҚР БҒМ баспасөз қызметі

## «ДӘРІГЕР-ВОЛОНТЕР» – ЖАҢА ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысында жарты жылға жуық «Дәрігер-волонтер» пилоттық жобасы жұмыс істеп келеді. Болашақ медициналық мамандар қазірдей төтенше жағдай режимінде басқа еріктілермен бірге антисептикалық бұйымдарды, дәрі-дәрмекті таратуға көмектесуде.



СҚО-дағы «Дәрігер-волонтер» қозғалысының үйлестірушісі Рүстем Армановтың айтуынша, елімізде волонтерліктің бұл түрі енді дамып келеді. Мысалы Ресейде оның негізі 2013 жылы қаланса, 2016 жылы ресми мәртебе алды. Қазір көрші елде қоғамдық ұйымға 50 мың адам мүше. СҚО-да бұл қозғалыс мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 2019 жылдың қазан айында құрылды. «Еліміздің кей аймақтарында медицина саласында өздігінен жұмыс істейтін еріктілердің барлығын білеміз. Биыл Волонтерлер жылы болғандықтан, көптеген медициналық оқу орындары өздерінде осындай қозғалысты құрады деген ойдамды. Бұл өз кезегінде Қазақстандағы денсаулық сақтау саласында волонтерлікті дамытады», – дейді Рүстем Арманов. Пилоттық жоба болғандықтан, оған М.Қозыбаев

атындағы СҚМУ-нің Жоғары Медицина Мектебін және жоғары медициналық колледж және 10 үздік студент іріктеліп алынған. Олар 16-22 жас аралығындағы болашақ жалпы тәжірибе дәрігерлері, фельдшерлер, медбикелер.

Оның айтуынша, волонтерлікпен айналысу – жүрекке жылулық сыйлап, позитивті эмоция береді. Сондай-ақ, адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, мол тәжірибе алады екен. Алдағы уақытта «Дәрігер-волонтер» қозғалысына ниеттес адамдарды тартып, команданың құрамын кеңейтпекші. Ал әзірше төтенше жағдай режимінде дәрігер-волонтерлер өңірдегі басқа еріктілермен бірге жалғыздікті қарттарға, мүгедектерге антисептикалық бұйымдарды, дәрі-дәрмекті таратуға көмектесіп жүр.

## ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Еліміздегі бүкіл білім беру ошақтары тағы бір заманауи жүйені меңгеріп, қашықтан оқытуға көшті.

Қазіргі уақытта біз еңбек ететін Алматы қаласындағы №83 гимназиясының ұстаздары мектебіміздің басшысы А.Нұрғалиеваның жетекшілігімен қашықтан оқытудың қырсырын толық меңгерді. Білім берудің «Bilimland.kz» (С.Бидай, И.Коновалова, О.Пожарницкая, Т.Статенина), «Google Classroom» (Н.Мұстафаева, А.Дүйсенбиев, Г.Ибраимова) «Daryn.kz» (Г.Станбекова, С.Дәулет, А.Алтыбаева, С.Ибадулла) «Орик.kz» (баста, С.Ибадулла) мұғалімдері) тағы сол сияқты басқа да ұстаздар түрлі онлайн платформаларын пайдаланып, сілтеме көрсетіп, оқушыларға бағыт-бағдар беріп, қашықтан оқытып жатыр. Осы орайда, біздің бастауыш 4 «Г» сыныбының жетекшісі Т.Юшкова бұған дейін де «Орик.kz» электронды оқулықтарымен эксперименталды

сынып ре-тінде жүзеге асырып келсе, информатика мұғалімі Л.Одинцова да «Bilimland.kz» платформасын қолданып келген-ді. Ұстаздар арасында «XRecorder» бағдарламасымен өз бейнетаспасын жазып, оқытып отырғандар да баршылық. Қашықтан оқыту барысында, оқушы жетістіктерінің қай сатыда екенін анықтау үшін, кері байланыстың маңызы зор. Кері байланысты әр мұғалім өзінің ыңғайына қарай ең әуелі «Kundelik.kz», «Google Classroom», электрондық пошта, WhatsApp тағы басқа да желілер арқылы жүзеге асырады. Бұл тұрғыда «Ел арна», «Балапан» телеарнасынан, «Қазақ радиосынан» берілетін сабақтардың оқушыларға берері мол.

**Баршагүл ТОҚАНОВА,**  
«№83 гимназия»  
директорының оқу-ісі  
жөніндегі орынбасары

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТА ШЕК ЖОҚ

Түркістан облысы Төлеби ауданында жергілікті кәсіпкер 75 отбасыға қайырымдылық жасап, жерлестерінің алғысына бөленді.

«Біз бізге» акциясы аясында Амангелді Нұров басшылық жасайтын «Бейбарс и К» ЖШС және Қуаныш Ешенқұл қоры мұқтаж және көпбалалы жанұяларға 20 мың теңгеден таратып берді. Әлеуметтік көмекке ие болған отбасылар да қиын-қыстау кезеңде қол ұшын созған демеушілерге ізгі тілектерін айтып, алғыстарын білдірді. Аталған ауданда сондай-ақ, зейнетақы мен 42500 теңгелік әлеуметтік көмекті тұрғындардың үйлеріне жеткізіп беру жұмыстары жүргізілуде. Қауіпті індетінің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шараны аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері ұйымдастырды. Бөлім мамандары әлеуметтік төлемдерді алушы азаматтардың үйлеріне барып, қолма-қол үлестіріп береді. Бұл бастама аудан әкімдігінің бақылауына алынып, әлеуметтік көмек тағайындалған азаматтар қаражаттарына үйінен шықпай-ақ қол жеткізіп отыр.



# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ КЕРЕК

өйткені бұл әрбір қазақтың көкейінде жүрген маңызды мәселе. Тіл жанашыры ретінде қолдау көрсетіп, осы орайда мен де өз ойымды ұсынғанды жөн көрдім.

Тіліміздің ресми дәрежесі оның мемлекеттік мәртебесін көтеру арқылы бекітілуі керек және бұл бағытта игі ниетпен қатар нақты, практикалық іс-шаралар қолға алынуы тиіс. Қазақ тілінің мемлекеттік мекемелерде қолданысқа енуі өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына таман ұлттық қозғалыстың жаппай етек алып, билікке саяси талаптар қоюының әрі осының нәтижесінде арнайы заң қабылдануының арқасында мүмкін болды. Мәселен, Алматы қаласында 1990 жылдың басында мемлекеттік тілді енгізумен айналысатын аудармашы-редактор лауазымы белгіленіп, бұл қызметті таланты ақын, тәржімашы, Абайды француз тіліне аударған Ғалымжан Мұқанов атқарды. Ол шығармашылық жұмысқа ауысқан 1991 жылдың қарашасынан 1994 жылдың қарашасына дейін бұл міндет маған жүктелді. Қалалық әкімшілікке келер алдында облыстық газетте, «Жазушы» баспасында, ҚАЗТАҒ-та аудармадан бірқаруым тәжірибе жинақтап, сол кезгі С.М.Киров атындағы Қазақ

мемлекеттік университетінде журналистикадан дәріс оқығандықтан, тілімізге мемлекеттік мәртебе берудің іс жүзіне асырылуына шенеулік емес, маман көзімен қараудың, білек сыбана араласудың сәті түсті. Қала басшысы Заманбек Нұрқаділовтің өкіметі мен шешімдері қазіргідей қажетті құқықтық актілерді аударудың тәртібі белгіленді, стиль мен терминология мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Мұнымен қатар қалалық әкімшіліктің алқа хатшысы Сапура Жүсіпова мен хаттама секторының меңгерушісі Мағрипа Құлсайытованың басшылығымен қаладағы аудан әкімшіліктеріне аудармашы маман іріктеліп, Алматы қаласы мен облысының жауапты қызметкерлеріне мемлекеттік тілді орнықтыру жөніндегі семинарлар өткізіліп тұрды. 1993 жылдың басында Алматы қаласында қазақ тілін мемлекеттік мекемелерде енгізу кестесі жасалып, баспасөзде жарияланғанды. Көп кешікпей «Лад» сияқты ұйымдар тарапынан қазақ тіліне қарсы шу көтеріліп, оның нәтижесінде Қарамановтың атақты қаулысы дүниеге келді. Сөйтіп, үлкен құлшыныспен басталған іске тосқауыл қойылды.

Осы түйткілдер көңілге кірбін түсіргені рас. Жалпы, тоқсанінші жылдардың басындағы қазақ зиялыларының ұлттық құндылықтарды өмірге енгізуге деген ұмтылысы ересен-тін. Сол кездері 45-60 жастағы ағаларымыз бен апаларымыз айна тілімізде ғылым саларымыз бойынша, жазбай оқулықтар жазып, сөздіктер түзді, ұлттық мейрамдарды халық болып тойлаудың басы-қасында жүрді. Олардың жанқиярлық еңбегі көп жағдайда еленбеді деуге болады. Бұл ретте жауырды жаба тоқымай, ресейшіл билік қазақ тілінің мемлекеттік функцияны толыққанды атқаруына бөгет жасағанын ашық айтуға тиіспіз. Қордаланып қалған мәселердің шешімдеріне қатысты ойларымды сол кездегі Үкімет төрағасының орынбасары Т.Жүкеевке қызметтік жазба түрде жөнелттім. Сонымен қатар 1994 жылғы 23 маусымда «Панорама» газетінде «Приданию русскому языку государственного статуса преждевременно», 19 шілдеде «ЭкспресК» газетінде «Языковая политика: реальность, которая будет мстить!» деген проблемалық мақалалар жарияладым. Бірақ, баяғы жартас-бір

жартастың кебі болды.

Міне, содан бері ширек ғасырдың жүзі болып қалыпты. Алайда, ахуал баяғы қалпында. Заңдар, өзге де нормативтік-құқықтық құжаттар орыс тілінде жазылады да әр мемлекеттік мекемедегі аудармашы маман оларды қазақ тіліне тәржімалайды. Тіліміздің құжат айналымындағы мемлекеттік функцияларды толыққанды орындай алмауына міне, осы жағдай кінәлі деп ойлаймын. Іс қағаздарын екі тілде жүргізу жөніндегі талап қағаз жүзінде ғана орындалып, мекемелердегі аударма бөлімдері көпшіліктің көзін байлап келеді. Сондықтан, бұл құрылымды таратып, іс-қағаздар тек қана қазақ тілінде жүргізілуі қажет.

Тығырықтан шығудың жолы мемлекеттік қызметке қазақ тілін еркін меңгерген кадрларды алу керек. Бұл талап кім-кімнің де құқығын шектемейді, қайта қазақ тілінің конституциялық мәртебесін жүзеге асырудың тиімді тәтігі болып табылады.

**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**  
**Әл-Фараби Ұлттық университеттің профессоры**

## БАС САНИТАР БАСТЫ ТІЛДІ БІЛЕДІ ЕКЕН!



ҚР Президенті жанындағы Коммуникациялық Қызмет Орталығында кеше брифингте Денсаулық сақтау министрлігі бас санитары Айжан Есмағамбетова қазақша сөйледі. Рахмет айтамыз, комитет басшысы, мемлекеттік қызметкер ретінде күнделікті сөйлеуі тиіс мемлекеттік тілде сөйлеп, сыннан қорытынды шығарғанына! Орталық модераторы Әділ Әбділовке де рахмет, Мемлекеттік тілде сөйлеуді «ұмытып» бара жатқандарға ұмытпай ескертіп, талап етіп отыратын болды.

Еске сала кетейік, 6 сәуірде «Қазақ үні» сайтында «Бас санитардың Ресей тіліндегі сөзін министр аударып бере ме?» деген мақала шыққан болатын. Енді міне, өзіміз қуана қуә болғандай Бас санитар Басты тілді біледі екен! Өткенде Нұрсұлтан қаласының бас санитары С.Қисықованың түзелгенін, қазақша жап-жақсы сөйлегенін алақайлап жазғанбыз.

Қазақ Қазақша сөйлесе қуанатын Қазақстанда тұрамыз, қайтеміз енді!?

Бұл Тәуелсіздік алған 30 жылмызда билік Ұлттық мүддемізді

ешқандай қорғай алмағанын көрсетеді. Қайран, ширек ғасырдан асқан уақыт-ай! Тіл заңының өзін тетіксіз бейшара еткен, миллиардтар далаға кеткен тұтас бір дәурен-ай десеңші!

Биліктен талап жоқ болғасын Халықтың талабы, қоғамның сұрауы керек болып тұр екен! Міне, «Қазақ үні» арқасында Қазақ тілінде тілі шығып жатқан басшылар аз емес!

Ең бастысы – Тіл туралы заңымыз сақталуы керек!

**Қазыбек ИСА**

## НАҒЫЗ ТЕКТІЛІК ТЕК ҚАНМЕН, ТІЛМЕН ҒАНА КЕЛЕДІ

НАҒЫЗ ТЕКТІЛІК ТЕК ҚАНМЕН, ТІЛМЕН ҒАНА КЕЛЕДІ, – біліммен де, біліктілікпен де емес...

Жәкішевке бостандық сұраған қарақөздер арасынан ӘБІЛОВ пен СМАҒҰЛОВты, БАТАЛОВ пен БАЙТАСОВты бірде-бір рет көргенім жоқ!

...Ішім ұдай ашыды...

Қаншама жыл қабырғалы қазақ қауымы, қазақтілді зиялылар, қазақтілді БАҚ, қазақтілді журналшылар, жалпы, кезкелген намысты қазақ қызғыштай қорғаштап, биліктен бостандығын сұраған Мұхтар Жәкішев – түрме табалдырығында жиналған көпшілікке бір-екі мәрте жымыды да, джип көлігіне мініп, тайып тұрды...

«Мұқаң сонша қайда асықты екен?» десек, ол бірден қаншама жылдар қазақ қазына-қазанының қасында, шөмішінің маңайында жүрген, өңшең бай-бағландармен бірге қымбат мейрамханаға барыпты...

Әрине, әркім досты – өзі тандайды, мен Мұқана дос тандап бергелі отырған жоқ, тек, қапастан құтыла салып, қарапайым қазаққа қарамай, ұяластарына тайып тұрғанына – қатырып,

айдаладағы менің намысым қозды: күні кеше, қаншама жылдар бойы қазақ белсенділері – қазақтың қарапайым қарақөз жігіттері мен қыздары – қақаған қыста осы Мұхтар Жәкішевке бостандық сұрап, билікпен теккетіресіп, тіпті, жаға сыртысқан жоқ па?!.

Сол ақ құр, көк мұзда Жәкішевке бостандық сұраған менің қарапайым қарақөз бауырларымын арасынан мен Болат ӘБІЛОВ пен Нұрлан СМАҒҰЛОВты, Райымбек БАТАЛОВ пен Арманжан БАЙТАСОВты бірде-бір рет көргенім жоқ!

Бірақ, Мұқтар өзін Болат Әбілов пен Нұрлан Смағұлов, Райымбек Баталов пен Арманжан Байтасов түрмеден шығарып алды деп ойлайтын сияқты...

Фейсбук парақшасынан Ораз Момыновтың жандауысындай ашынған «Жәкішевтің жанында Ана тілді бір адам болғанда, халықтың батасын алып кетер еді...» деген ащы сөздерін оқып, көңілім су сепкендей басылды: «Қайран, Халқым-ай! Қадірлі қазағым-ай! Сен Қазақстанның түкпір-түкпірінен өз қаражатыңмен келіп, (Ішінде атыраулық қайсар, «Арыстан жүрек» батырларың да бар), таңның атуымен таласып,

Семейдің ызғарлы суығына тоңып, іштеріндегі әйелдер егіліп жылап жүріп, М.Жәкішевті абақтының аузынан күтіп алдың!

Саған қосылып, смартфонның бер жағында отырып, біз де жыладық. Ал, Ол ше?!.

Ол – қымбат көлікпен абақтыдан шықты. Сенің алдыңда 5 минут, (бәлкім, 10 минут), рахметін айтып, (Құдай біледі, жеке ұшақпен Алматыға ұшып барып), өзі сияқты серкелермен қуанышта қауышты. (Қызғаныштан, сарказмнан Құдай сақта, көргенімді жазып отырмын).

Егер де М.Жәкішевтің қасында жөн-жоралғыны білетін, Халқын сәл де болса сыйлайтын, Қазақтың дархан пейілін бойына сіңірген, Ана тілінде сөйлей алатын еш болмағанда бір адам болғанда – Сені мен Мұқтардың кездесуін ұйымдастырып, Саған шәй беріп (ол үшін тек мінез керек), Сенің адал батанды алып кетер еді-ау?!.

Әттең! Тұлғалар мен қарапайым Халық! Параллель сызықтар сияқты ешуақытта қиылыспайсың, әр қайсыңның – өз орбитаң бар!



Сен бәріне де төзесің! Сен қой сияқты үндемей, құрбан боласың! Көтеруші де, құлағушы да – Сенің! Ал жеісің Тұлғалар жейді! Қайтейін!...

Ораздың осы жазбасының соңын ала «ақылмандар» бөрінің артындай шулап, Мұхтарда жақтап шыға келді...Білімі мен білігін, табысы мен танысын тағы айтты...

Бұл – біз білмейтін нәрсе емес еді...

Мұқанның маскара әдепсіздігіне жаутілді («Орыстілді» деп түсініңіз. Қ.Ф.) белгілі саясаттанушы Досым Сәтбаевтың өзі ыңғайсызданып: «Түзеу мекемесінде 10 жылдан

көп жазасын өтеген Мұхтар Жәкішевті босатуға биліктің ешқандай ықпалы болмаған. Ол «Қазатомөнеркәсіптің» бұрынғы басшысы азаматтардың үздіксіз талап етуінің арқасында босатылды. Бұл үнемі талап ете білген белсенді қоғамның жеңісі деп білемін. Енді дәл осы тәртіппен Арон Атабекті де, Макс Боқаевты да босату керек» – деп, әңгіменің ашығын айтты...

**Қажымұқан ҒАБДОЛЛА,**  
**«Қазақ үні»**

# ЕЛІМІЗДЕ СОҢҒЫ 15 ЖЫЛДА ЭПИДЕМИЯ МАМАНДАРЫ ДАЯРЛАНБАҒАН

Елімізде эпидемияның тарау тенденциясын кәсіби тұрғыда бағалай алатын мамандар аз. Қазақстанда 2007 жылдан бері эпидемиолог мамандарын дайындамаған. Бұл туралы бүгін «Ақ жол» фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев өзінің депутаттық сауалында мәлімдеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ.Маминге**

**Құрметті Аскар Ұзақбайұлы!**

Екі ай бойы бүкіл дүниежүзі таң атшымен коронавирусы тура- лы ақпаратты майданнан хабар күткендей қарайды. Басқа елдер- мен салыстырғанда Қазақстан бой- ынша ахуал ел Президенті мен Үкімет қабылдаған карантин енгізуі оқшаулау шаралары оң нәтижесін берді.

Бұл бүкіл әлемдік қауымдастық орасан шығындарға, адами шығындарға ұшырап жатқанда әлеуметтік – экономикалық тұрғы- дан болмаса да елімізде індеттің ауыр салдары жойылады деген үміт ұялатады.

Оқшаулау кезіндегі дәрігерлер мен мемлекеттік органдардың қызметіне түсіністікпен қарап, шыдамдылық танытқан азаматтар құрмет пен алғысқа лайық.

Қорытындылар шығаруға әлі де ерте болса да, төтенше жағдай бірнеше өткір мәселелердің басын ашып берді.

Олардың көпшілігі қоғамда қызу талқылануда, «Ақ жол» Демократиялық партиясы өзінің алдыңғы мәлімдемелерінде және депутаттық сауалдарында нақты фактілерді атап өткен болатын.

Дегенмен, мына бір мәселе ерекше қарауды қажет етеді. Біздің партияға өтінішпен жүгінген медицина саласының қоғамдық өкілдерінің айтуынша, Қазақстанда он бес жыл- дан бері эпидемиолог мамандарын даярлау жүргізілмейді.

Медициналық жоғары оқу орындарының 2005-2007 жылдарға дейін жұмыс істеп келген санитарлық – эпидемиологиялық факультеттері емдеу факультеттері мен жалпы медицина факультетіне біріктірілді.

Содан бері медициналық жоғары оқу орындарында «Эпидемиология» мамандығы жоқ, олардың біліктілік талаптары да жойылды.

Бұндай жағдай объективтік се- бебтерге байланысты туды, өйт- кені сол кезде ЖОО бітірушілер мамандықтары бойынша жұмыс таба алмады, ал СЭС органдары жұмысқа орналасушылардың ар- наулы кәсіби қызметтеріне емес, мыналасымдық берді.

Бүгінгі таңда эпидемиология саласының соңғы мамандары тау- арлар мен қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін бақылау орган- дарында, немесе жеке меншік са- лада жұмыс істейді. Олар зейнетке кеткен соң олардың орындарын, қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушылары, яғни, менеджерлер мен заңгерлер басады.

Алайда, эпидемияның алдын алу және жою ерекше кәсіби біліктілікті, вирусология, иммунология, биохимия және тағы басқалар салаларды қажет етеді.

Сондықтан, біздің елдегі пан- демия деңгейінің төмендігі тура- лы оптимизміміз фактілермен расталғанмен, эпидемияның даму тенденцияларын кәсіби түрде бағалай алатын адамдардың аз- дығына алаңдау керек. Сонымен



қатар, қазір жұмысқа қайтып оралып жатқан кейбір кәсіпорындардағы эпидемиологиялық ахуалды бағам- дау тіпті мүмкін емес. Алайда, пан- демиямен күрес дәл сол жерлерде шешіледі.

Мемлекеттің назарынан тыс қалған эпидемиологтардың жоғалуы – «отряд жауынгердің жоғалғанын байқамадының» кері келуі, еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінің, оның нормалары және басымдықтары – жаһандық дағдарыстар мен қарсылықтарға дайын еместігін көрсетеді. Әрине, бұл жағдай тек денсаулық сақтау жүйесіндегі мәселе ғана емес.

Қазір біздің басты назарымыз дәрігерлеріміздің жаққиярлық еңбегіне ауып отыр, олар өздерінің денсаулықтарын құрбан ете отырып бұрыннан келе жатқан олқылықтарды жауып, кәсіби біліктіліктерді көрсетпей, жергілікті медицина шенеуніктерінің бассыздықтарын байқатпады. Денсаулық сақтау министрлігі шұғыл әрекет етіп, жұртшылықтың талаптарына назар аударуда.

Көптеген елдерде құндылықтар- ды қайта қарау жүруде, «жұлдыз- дардың», кәсіби спорт және шоу –

бизнес өкілдерінің миллиондаған жалақыларына қатысты кері пікірлер айтылып, қарапайым дәрігер еңбегі қоғам үшін қаншалықты маңызды екені ай- тылуда.

Экономикада және өмір сүру деңгейінде ғана емес, сонымен қатар бұрынғы денсаулық сақтау жүйесі тиімсіз болған денсаулық сақтау қаупі саласында да жаңа, әлдеқайда қатал шындық пайда болды.

Коронавирусты індеттің қайталануы Жапония мен Сингапур сияқты дамыған елдерде де байқалады, халықаралық са- рапшылар пандемияның ұзаққа созылатын сипаты мен жаңа вирустардың пайда болатынын болжауда.

Жоғарыда айтылғандарға бай- ланысты, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының Үкіметтен шұғыл түрде:

– Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы немесе Батыс –Қазақстан меди- цина университеті (бұрын сәйкес факультеттер болған) базалары жанында мамандандырылған Эпидемиологиялық орталық (ин-

ститут) құруды ;

– медициналық жоғары оқу орындарында «эпидемиология» мамандығын қалпына келтіруді, оқу бағдарламалары мен біліктілік талаптарын бекітуді;

– жаңа оқу жылынан бастап аталған мамандық бойынша абитуриенттер үшін қосымша гранттар, оның ішінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бой- ынша шет елдерде оқу гранттарын бөледі;

– жергілікті жерлерде эпи- демиялогиялық ахуалды бақылау үшін медициналық мамандардың қажеттілігі үшін қайта даярлауды;

– Тауарлар мен қызметтер қауіпсіздігі Комитеті қызмет- керлері үшін медицина қызмет- керлерінің бейіндік деңгейінде санитарлық –эпидемиологиялық міндетті біліктілік талаптарын енгізу бойынша шаралар қабылдауды сұрайды.

*Құрметпен,  
«Ақ жол» демократиялық  
партиясы фракциясының  
депутаттары*

## «АҚ ЖОЛ»: ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БАҒАСЫМЕН БІРГЕ ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫН АРЗАНДАТУ КЕРЕК



Құрылыс материалдарының бағасын реттеумен қатар, құрылыс пен тұрғын үй бағасын арзандатуға қол жеткізу қажет. Бұл туралы бүгін «Ақ жол» фракциясының депутаты Кеңес Абсатиров өзінің депутаттық сауалында айтты.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ.Маминге**

Қазақстанның «Ақ жол» Демок- ратиялық партиясы ҚР Президенті мен Үкіметтің дағдарысты ең-

рларды қолдап, олардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді. Осыған байланысты бізге құрылыс материалдары өндірісінің отандық кәсіпорындары Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның үстіміздегі жылдың 3 сәуіріндегі құрылыс материалдарының бағасын бақылауды қамтамасыз ету туралы тапсырмасына байланысты жүгінуде.

Қазақстан Республикасы Инду- стрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі осы тапсырмаға сілтей отырып, қазақстандық өндірістің құрылыс материалдарының тізбесін және шектен тыс бағаларын әзірлеуді

бастамашылық етті. Әрине, құрылыс материалдарына белгілі бағаларды белгілеу құрылыс компанияларының жұмысын жалғастыруға және дағдарыс кезінде олардың қиын- дықсыз өтуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бірыңғай шекті бағаларды енгізу әртүрлі аймақтарда, тіпті ұқсас өнім өндірушілердің әртүрлі шығындары мен әр түрлі кірістілігін ескермейді.

Бұл факторларға энергия тариф- терінің айырмашылығы, шикізатты тасымалдау шығындары, жергілікті жағдайлар, әкімшілік шығындар және т.б. әсер етеді. Сонымен бірге, кірпіш немесе цемент өндіру көп энергияны қажет етеді; металл плитқарын, темірбетон бұйымдарын, ПВХ те- резе жақтауларын және т.б. өндіру – көбінесе кейбір материалдардың импортымен байланысты.

Бұл жағдайда құрылыс материал- дарына баға шектеулерін объективті түрде анықтау үшін электр қуатына тарифтерді, темір-және ав- томобиль көлігі (оның ішінде халықаралық) құнын, жанар-жағармай материалдарының құнын, импорт- талатын металлдың, поливинилдің құнын, жұмысшы-лардың жалақысы және басқа да барлық шығындарды ескеріп, осы мерзімде шығындардың тұрақтылығын қамтасыз ету керек.

Салалық шығындарды субсидия- лау немесе қосымша күн салығы мөлшерлемелерін төмендету арқылы өтеудің тетік-терін қамтамасыз ету керек.

Бағаны бақылау процедурала- ры, оны қандай орган жүзеге асы- ратыны және оның өкілеттіктері қандай екендігі туралы анықтық қажет. Мәселен, цемент тауар биржалары арқылы 5 жылдан бері сатылып келеді. Бағаны шектеудің енгізілуі цементтің биржалық саудасының жойылуын білдіре ме? Немесе цемент өндірушілерге биржалық сауда-саттықтың негізінде шектеулі бағаны бұзғаны үшін және баға шектеулерін қолдануға байланысты биржалық сауданың міндетті талаптарын бұзғаны үшін айыппұл салынады ма?

Қазіргі жағдайда мемлекет, керісінше, барлық жағынан қолдау көрсетуге тырысуда десек те, комиссияның нұсқауларын осы факторларды ескерусіз орындау өндіріс кәсіпорындарына зиян келтіретіні анық. Сонымен қатар, шығынды өндіруге қарағанда оны тоқтату оңайырақ. Әрине, осыдан кейін құрылыс компаниялары отандық құрылыс материалда- рысыз қалады. Сондай-ақ, егер

құрылыс материалдарына шекті бағаны енгізу қарастырылса, онда неге құрылыстың шекті бағалары енгізілмейді деген тағы сұрақ туындайды.

Қоғам бүгінде салынып жатқан нысандардың құнын күрт көтеру, теңгенің кезекті девальвациясы туралы белсенді талқылауда. «Ақ жол» Демократиялық партиясы құрылыс материалдары өндірісін түріс пайдаланудың алдын алу үшін құрылыс жұмыстарының барлық түрлеріне шектелген бағалар енгізілсе дұрыс болады деп санайды. Өйткені, құрылыс материалдарының өндірушілерінің кірісі басқа біреулердің қалтасына түспей, жаңа жолдар, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға жұмсалып, тұрғын үй құрылысы арзандатылып, қолжетімді болып, қоғам пайда- сына жараса игі болары сөзсіз.

*Құрметпен,  
«Ақ жол» КДП  
фракциясының депутаттары*

**Қазақстанның «Ақ  
жол» Демократиялық  
партиясының баспасөз  
қазметі**

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?



## ҮКІМЕТ БҮГІН 180 МЛН. \$ ШЫҒАРЫП, 2029 ЖЫЛЫ 3,0 МЛРД. \$ ТАПҚЫСЫ КЕЛЕ МЕ?

теңгеден болғанда 2 млн.теңге болады. Яғни, 80 млрд. теңге немесе 0,18 млрд. доллар. Қой санын есептесек, 2 млн. қой. Үш жылдан кейін 40 мың отбасы мемлекетке, Серік секілді 100 бес бас етіп қайтармай-ақ, 50 қойдан қайтарса да жетеді.

**Сол 50 қойды қазақтың сол ауылдарындағы мынадай берекелі, қайырымды істі істеуге болады екен-ау деген тағы бір 40 мың отбасыға бермейміз бе? Есенғалидың 50 қойы 6 жылдың ішінде 350 болып, 7 бірдей отбасыға ырыс-несібе болып барған жоқ па? Сонда Үкіметтің,**

басы көбейе алмайды» деген сөз бар.

Оның бәрін былай қойғанда, қазақы қойдың еті мен майының денсаулыққа тигізер пайдасының орасан зор екенін тамырынан ажырап қалған қазақ бүгін қайтадан біліп, жаңалық ашқандай болып, жоғалтқан құнды затымен қайтадан қауышып жатыр. Шынында да, қойдың қатығын бір рет ішкен адам оны аңсайтын да тұратын болады.

Біздің елде осыдан екі жыл бұрын Әдхам Шілтерханов есімді абыз ағамыз өмірден өтті. Сол кісі Қаратаудың бойында көп жыл

Қай заманда болсын қоғам мен мемлекет тығырыққа тірелгенде төте, ерекше жол табу қажеттілігі туады. 30 жылдық «өтпелі кезең» артта қалды деп есептеп, жаңа дәуірдің басталуы – уақыт талабы. Ол дәуір мен өзім «ұлтшылдар» деп санаймын. Билікке келмес бұрын дайындық керек, бұл жайлы әр мақала сайын айтсақ артық болмайды. «Билікке келгенде неден бастаймыз?» деген сұраққа әрбір ұлтшыл азамат «екі жерде екі – төрт!» дегендей болу етікіз жауап бере алатын сары тәріс. Сол кезде жүзеге асырылуы ауадай қажет бір жақсы жоба жайлы сіздермен ой бөліспекшімін. Шынына келгенде, оның «пилоттық жобасы» іске асып, сынақтан өтіп қойған, жиналған азық-өңір тәжірибе бар деуге болады. Ол үшін алдымен автордың, бауырымыз Ауыт Мүкибектің аузымен кішкентай лирикалық шегініс жасап алайық.

«...Есенғали – кәдімгі ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жазушы» баспасының директоры Есенғали Раушанов. Осықтан біраз жыл бұрын ақын азамыз Қытайдан көшіп келген Серік атты жігітпен танысады. Серік шиеттей үш баланың әкесі екен. Әйелімен бір отбасында бес-ақ жан. Қойшылықты арғы аталарынан бері жалғастырып келе жатқан қарабатын өзі бөлек шығады. Ақын ағасы өз әдетімен қандасының хал-жағдайын сұрай кетеді. Сөйтсе, Серік баһадүріңіз арғы беттегі азынаулақ малын, баспанасын, тиесілі жерін сатқан да, Қазақстаным қайдасың деп тартып отырған. Келгесін Алматының маңайындағы ауылдардың бірінен қолда бар қаражатына мал қаматтын қора-қопсысы бар үш бөлмелі жер үй сатып алады. Көші-қон жағынан беретін квотасын әперем деген делдалдар мың долларын алып, алдап кетеді. Ары қарайғы жерде тіршілігінің тұралаң жыр-тұрғанын айтады. Сөзі пысық, жұнары от шашқан, еңсегей бойлы жігітке қарап, жаны ашыққыраса керек, Есенғали аға бүй дейді:

– Серік батыр, сен саспа, былай істе: мен саған елу бас қазақы саулық алып берейін. Сен соны бақ, тудыр. Үш жылдан кейін сол елу қойымының басын дін-аман өзіме қайтарсаң болғаны. Ал, осы аралықта өсетін төлін өзің пайдалан. Жақсы бақсаң, бір қора қой айдап шыға келесің әлі-ақ!

Есептеп көрсе, елу қойдың құны Есенғали ағаның шетелге, айлап жүргеннің өзінде, екі-ақ рет шығып келуіне кететін сома екен.

Ұде орындалады. Аяқ астынан елу қойлы болған Серік екі нәсілді қошқар сатып алады. Келесі көктемде елу саулық жалқылайды. Еркегінің бәрін сатып, сойып, тұрмыстық қажетіне жұмсайды. Асқан тиын-тебеніне аналық алып, қорасына қосады. Екінші жылы 70-80 бас төлдейді. Соңғы жылы жүздің үстінде саулық қозы ертеді. Кәнігі малшы мал басын үйреніштікті әдіспен реттеп отырады... Осылайша, үш жыл өткен соң, дәл қоңыр күзде інісі Есағасына:

– Аға, келіп қойларыңызды алып кетіңіз. – деп телефон соғады.

Есенғали барса, бір ту қойдың басы кесіліп, қазанға былқытып ет асылған. Сол маңдағы көрші-қолаң тайыл-таяғы қалмай түгел жиналған. Есік алдындағы ағаш көлеңкесіне кілем жайылып, көрпе төселіп, қос-қостан құс жастық қойылған. Ат шаптырым етіліп, аспа-төк дастарқан жайылған...

Қараса, Есенғалиға деп бөлінген малдың қанша елу тұяқтан әлдеқайда көп. Көрсен, көзің тұнатын кілең бір арқардай саулықтар, еліктей тоқтылар. Маңына жуытпай, аспанға секіреді.

Сөйтсе, Серігің де ағасына тартқан ердің ері екен. Әр жылы турған төлден он бесін арнайы іріктеп алып, бөлек ен салып, Есағасы берген елу қойға қосып отырған. Сөйтіп, Есенғалидың елу қойы межесі мезгілде тоқсан бес бас болып қайтарылмақшы екен.

Дәл осы тұста Серіктің үйіндегі Есағаның келіні тұрғып:

– Әй, Серік, біле білсең, Есенғали аға бізге Атажұртта Алла жолықтырған Қыдыр баба болды ғой! Ол кісі Нұрмұхамбет деген жиен ұлым бар деген өткенде. Соған атап тағы бес тоқтыға ен сал. Рахмет дөңзегі жүз бас етіп, сонымен дәуірдегі алып қайтарайық ағаға. Өз малымыз да, Құдайға шүкір, жүзден асып жығылды ғой, әне!» – депті.

Міне, қызық! «Алаған қолым – берген», «Біреудің жаясын жесең, өзіңнің ұшаңды сайла» дегенді зердесінде тоқты өскен нағыз қазақ осындай болады!

Қожабайның артық мал алмаймын деп азар да, безер болғанына қойшы жігіт тіпті көнбейді.

Қандасының қорасына мал сап барем деп жүргенде, Есенғали Раушановтың өзі, ойламаған жерден, 100 қойды айдап шыға келеді. Содан не істеді дейсіз ғой?



Басқа батаны жасайды. Еттен асайды. Ерсілі-қарсылы ыстық лебідер, ақ тілектер айтылады. Сосын сол Серікке берген шартпен 100 бас қойын сонда көшіп келген екі қандасына елу-елуден тағы бөліп береді де, Алматыға қайтады. Арада зымырап және үш жыл өте шығады. Бұл жолы барса, баяғыдай емес, екі жерде қасанып, екі төрде дастарқан жасалған. Қойшылардың қорасында Есенғалиға деп бөліп қойған екі жүз тұяқ тұр дейді маңырсып.

Енді не істеді дейсіз ғой Есаға?

Енді 200 қойды елу-елуден төртке бөліп, баяғы әдіспен жаңа көшіп келген төрт отбасына санап өткізеді де, бұйырған дәмнен ауыз тиіп, жолға түседі...

– Жақында барып, көріп келдім. Келесі жылы, Алла аманылығын берсе, сол екі жүз саулық төрт жүз болып қайтқалы тұр. Мен ол малды қайда апарам, қидым сол ағайындарға. Басқасын қойшы, шеттен келетін туыстардың еңбеккерлігі, төзімділігі өз алдына, адалдығына, кісілігіне, жомарттығына дән риза болдым. Малыны және тауып қойдым, енді сегіз отбасыға тағы бөліп берем сол төрт жүзді. Бағам десеңдер, Ауытжан, мына Білісбек екеуіңе де елуден қой берейін, – дейді Есағам екі езуі құлағына жете күліп...»

Ауылда 5 миллион қазақ бар дейік. Орта есеппен 1 миллион отбасы. Соның ішінде «мемлекет 50 қойдан беруге дайын» десек, әлеуметтік ахуалы онша емес 40 мың отбасы құлшынып, «біз өсіріп, бағуға дайынбыз» дейтін шығар-ақ. 50 қой орта есеппен 40 мың

2020 жылы дейік, 80 млрд. теңге немесе 0,18 млрд. доллар жұмсап алған бастапқы 2 миллион қойы 6 жылда – мемлекет тарапынан басқа ешқандай шығынсыз! – 14 миллион басқа айналмай ма? Тағы 3 жыл өткенде оған 16 млн. қой қосылып, 30 миллион қой болса, қазақтың ауылдағы 1 миллион отбасының 50 қойы бар отбасы саны 9 жылдан кейін 520 мың отбасыға айналса, бұл біздің тақиямызға тар келе ме?

Әбіш Кекілбаев ағамыздың «Үркерінде» Мәтібидін: «Қой – оннан, түйе – бірден, жылқы – бестен!» деген сөзі бір. Бір қойдың төлін соймай-сатпай бақсаң, геометриялық прогрессиямен өсіп, тез көбейтетін соншалық, ол он жылда мың (1000) қой болады екен. Менің өзімнің Әріпбек ағам да «құйіндегі қойынды 25-ке жеткізіп алшы, сосын оны қанша сойсаң да, сатсаң да жететін болады» дейді.

Және қазақта «ешкі егіз туып қойдан көп болмайды, ит сегіз туып малдан көп болмайды» деген сөз бар. Діни аңыздарда қойды жұмақтан келген мал деп те айтады. Қойдың көп болатынын таңсәрідегі несібесін теріп жейтіндігімен байланыстырады.

Шынында да, қой баласы таң алдындағы қараңғылықта ешкімнің өріске шығаратын керек етпей, өзінің өріп қатанын қасиеті бер. «Таңғы несібе – Тәңірден, ол берекелі несібе, қой сол себепті жер бетіндегі ең басы көп таралған мал» деп түсіндіреді қазақ. «Ал, ит түнімен қаңғып келеді, таң алдында келіп құлайды, таңғы несібесінен сөйтіп құр қалады, сол себепті оның

өзінің қызметі агрономдық болса да, аңшылықпен айналысқан еді. «Бір рет қайнаған шілдеде ерекше шопанмен кездесіп, танысқаным бар, – деді Әдекең бір отырыста. – Ерекшелігі оның жаздың күнінде Қаратаудың желі мен ыстығына қарайып тотықпағандығында, екі бетінің қаны тамып тұрғандығында еді. Мен шыдамай, «бұның сыры неде?» деп сұрадым. Сонда шопан ағамыз: «Шырағым, мен қысы-жазы ерінбей қой саудырып, қойдың ірімшігін жеймін. Одан да бұрын жыл он екі ай қойдың қатығын су-сын етемін» деді».

Осыдан біраз жыл бұрын Көкшетау-Қызылорда пойызы-лып қалды. Сөзден сөз шығып, «кемпір шешемнің қойдың сүтінен ерінбей жасайтын ірімшігінің дәмі аузымнан кетпейді, ондай ірімшік жемегелі де жарты ғасыр болды» дегенімде, Сырдың бойына келін боп түскен, жасы жетпістің жуан ортасындағы Арқаның қызы: «Қойдың сүтінен де ірімшік жасай ма?» деп, таңғалып еді...

Бұл жазғанымыз – «есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да есің жи» деген көне қазақ даналығындай, әлемнің дамыған елдері бірнеше есе бағасын артық төлеп, қуана-қуана сатып алатын экологиялық таза тағамды шығару арқылы, қазақтар ертерек қайта өрлеу дәуірін орталы жайлы ой ғой. Газеттің әр нөмірі сайын осындай ой-жобалармен бөлісіп отыратын боламыз...

Бүгінде қоғамымыздағы ең басты мақсат – отыз жылдан бері кейінге қалып келе жатқан Мемлекеттік Тіл туралы заңды талап ету болып тұр! «Қазақ үні» ұлттық порталында қазақ тілін қолдап қол қойғандардың саны – 112000-нан асып жығылды! Бұл бұрын-соңды тарихта болмаған зор рекорд! Бұл үшін әрбір қол қойған және осы қасиетті істе қайрат көрсеткен азаматтарға, барлық қазақтың қайсар қырандарына алғысымыз шексіз! Алашқа Алла жар болсын! Мемлекеттік тілді қашан да қолдап келе жатқан ұлт жанашырларының пікірін оқырман қауымның назарына ұсынғанды жөн көрдік.

**Бексұлтан Нұржекеұлы,**  
жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

## КЕЙДЕ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНДЕ ТҰРАМЫН БА, ЖОҚ ПА ДЕП КҮДІКТЕНЕМІН...

«Хабар24» телеарнасын немесе «Ресей24» арнасын қараңыз, еш айырмашылық жоқ

– Тіл мәселесіне Үкімет қайтадан көңіл бұратын уақыт жетті. Біз кеше Совет одағы деген халық едік, бәріміз бір едік. Орыс тіліне басымдық бердік. Халықаралық жағдайымыз ушығып кетпесін деп шыдап бақтық. Содан бері, міне,

30 жылдай уақыт өтті. Қазақ тілі Кеңес дәуірінен кейін өскен жоқ. Ол қайта соның дәрежесіне дейін төмендеді. Себебі... Кейде мен, өз басым, Қазақ мемлекетінде тұрамын ба, тұрмаймын ба деп күдіктенемін?! Өйткені, Мем-

лекет басшысы да, Үкімет, облыс, аудан басшылары да, тіпті, аудан-ауылдың әкімдеріне дейін бәрі орыс тілінде сөйлейді, орыс тілінде тапсырма береді. Қыл аяғы, телеарна, радиоларымыздың көбі орысша. «Хабар24» телеарнасын



қосып қараңыз, «Ресей24» арнасын қараңыз, еш айырмашылық жоқ. Бұл тәуелсіздік алғанына 30 жыл болған мемлекетке лайық емес. Сондықтан, Конституциядан 7-баптың 2-ші

тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы Заң қабылдануын талап еткен «Қазақ үні» Ашық хатын толық қолдаймын!

**Темірхан Медетбек, ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДЕ, РЕСМИ ТІЛ ДЕ, ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛ ДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛУЫ ТИІС!

АЛ БАСҚА ТІЛДЕРДІҢ ЕШҚАЙСЫСЫН ТЫҚПАЛАМАУ  
КЕРЕК

– Отыз жылдан бері Тәуелсіз елдің ең басты белгісі – Мемлекеттік тіл мәселесін шеше алмай келе жатқанымыз ең алдымен билікке де, бізге де, яғни халыққа да сын! Намысың келеді! Үкімет жиыны өтіп жатқанда экранға қарасаң да, жұмыс бабымен мемлекеттік болсын, жекеменшік болсын мекемелерге кіріп қалсаң да орыс тілінде қарсы

алады әлі. Кейде ойлайсың, осы біз Тәуелсіздікті алдық па, жоқ па деп?!

Бір аптадан бері қарап отырмын, Конституциядан 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы Заңды талап еткен елдің қарқыны қатты! Бес-алты күнде 45 мыңға жету деген сұмдық қой – қатты қуанып отырмын. Бұл осыдан үш жыл бұрын бүкіл ұлт зиялылары болып, бәріміз қол қойған Ашық хат

қой! Кезінде де осы Ашық хаттың жазылуына бастамашы болған ақын Қазыбек Исаның бұл хатты қайта көтергені өте дұрыс болды. Ана жылы, 2011 жылы да осындай Ашық хат жазылып, ақиық ақын Мұхтар Шаханов бастап, Алматыда митингі өткізгенбіз. Былтыр Ұлттық Кеңесте де көтерілді Мемлекеттік тіл мәселесі. Өйткені, бұл мәселе шегіне жетіп келеді.

3) ввести законодательную норму об обязательном знании государственного языка государственными служащими, сотрудниками правоохранительных органов и судов;

4) создать систему и порядок определения уровня владения государственным языком государственными служащими, разработку их необходимых механизмов;

5) ввести порядок назначения работников на должность руководителя или рядового специалиста в зависимости от уровня владения государственным языком и определения их заработной платы;

6) ввести законодательную норму о том, что регистрация законодательных актов и иных нормативных правовых актов, документов и писем, информации и отчетов и т.д. государственных органов осуществляется только на одном языке – государственном;

7) возложить на Министерство юстиции задачу по обеспечению перевода законодательных актов и постановлений на государственный язык при регистрации и публикации только при необходимости на русский язык.

На 25 апреля 2020 года количество подписавших достигло более 112 тысяч. Сбор подписей продолжается.

Благодаря сайту «Qazaquni.kz» языковая проблема в наши дни стала одной из главных: **Открытое письмо о принятии Закона о государственном языке, опубликованное на сайте, подписали более 112 тысяч человек! Это небывалая в истории нашей страны поддержка казахского языка!**

### Казахский должен стать языком межнационального общения

Еще 22 сентября 1989 г. был принят закон «О языках в Казахской ССР», в котором казахскому языку был придан статус государственного языка. В нем, в частности, говорилось, что «государственным языком Казахской ССР является казахский язык», а русский язык является «языком межнационального общения».

И до сих пор не принят новый закон о госязыке с учетом политических, языковых, культурных, демографических и других изменений за годы независимости.

**И в феврале 2020 г. президент Токаев отметил, что «ускоренное развитие должен получить казахский язык, которому в будущем суждено стать по-настоящему языком межнационального общения».**

Характерно, что президент затронул этот вопрос в контексте осмысления подходов к вопросу межэтнических отношений: эти отношения надо строить на основе казахского языка и культуры, а не на основе русского языка, как было в советское время.

**В Казахстане пришло время менять языковую политику таким образом, чтобы языком межнационального общения стал казахский язык.** В этом русле должна работать Ассамблея народа Казахстана, где рабочим языком должен быть казахский.

В современном законодательстве РК отсутствует норма, определяющая статус русского как языка межнационального общения. Это норма из вышедшего из употребления вышеуказанного советского закона. Эта норма была и в Конституции РК 1993 г., где государственным языком в республике определен казахский, а русский получил статус языка межнационального общения.

Законодательно эта норма обычно не закрепляется – граждане сами могут определить, на каком языке общаться между собой. Во многих странах таким языком является государственный язык, который должен знать граждане данного государства.

Необходимо отметить, что в 2 п. 7 ст. Конституции РК не утверждается, что русский является официальным языком, а написано лишь, что он официально употребляется наравне с казахским в государственных организациях и органах местного самоуправления.

Исходя из вышеизложенного, можно заключить, что русский в РК не является ни официальным, ни языком межнационального общения – у него нет никакого статуса.

И правы те эксперты, которые отмечают, что в нашей стране должен быть только один государственный и официальный язык – казахский, упоминание русского языка в Основном законе позволяет обходить казахский язык в государственных органах и тормозит его развитие.

Это законодательное изменение статуса русского языка существенно повлияло на положение и статус казахского языка – русский почти уравнили с государственным языком.

### Нужен Закон о госязыке

В Казахстане в течение трех десятков лет велась либеральная языковая политика, следствием которой стало незнание госязыка большинством населения. Достаточно сказать, что Закон о государственном языке принят во всех странах СНГ (кроме Беларуси и Казахстана).

Это общемировая практика. Более 100 стран мира законом защищают и развивают госязык. Такие законы приняты в Китае, Франции, Малайзии, Латвии, Литве, Эстонии и др.

В законодательстве РК нет нормы, прямо обязывающей граждан владеть русским. Зато есть ст. 4 «Закона о языках в РК» о том, что казахский как государственный язык применяется во всех сферах общественных отношений на всей территории государства, и долгом каждого гражданина РК является овладение госязыком. То есть казахский как госязык приоритетен и обязателен в использовании во всех сферах общественных отношений на всей территории государства.

Многие проблемы решил бы закон «О государственном языке РК», о принятии которого настаивают сторонники казахского языка – для его выполнения будут задействованы неработающие механизмы реализации Госпрограммы развития и функционирования языков на 2011-2020 гг., будут созданы новые институты (Казахского языка, Институт терминологии, Литературный и др.), приняты новые законы. **Этого требует конституционная норма о государственном языке, его приоритетное положение по Постановлению Конституционного Совета от 23 февраля 2007 г.**

Законодательный парадокс состоит в том, что в Конституции есть статус казахского языка, но нет закона об этом. Поэтому пришло время установить приоритеты, внести уточнения в функционировании двух основных языков.

Если внимательно прочитать языковые законы и программы, в том числе и Конституцию, то в них отсутствует (!) норма об обязательном знании государственного языка в госорганах.

Это настоящий парадокс: кроме президента страны, знание госязыка для остальных должностных лиц по закону необязательно! Как же так? Только символ и декорация! Зачем тогда конституционная норма о государственном языке, если он не обязателен?! Для председателя сената, председателя мажлиса и премьер-министра, которые в форс-мажорных обстоятельствах могут принять полномочия президента, обязательно знание госязыка не оговорено.

**Поэтому пришло время принять закон «О государственном языке РК» с разработкой концепции языковой реформы, укрепления научно-теоретической и материальной базы развития казахского языка.** Также для этого необходимо убрать из Основного закона 2 п.



# КОГДА КАЗАХСКИЙ СТАНЕТ ЯЗЫКОМ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ?!

7 ст. о русском языке как официальном употребляется наравне с казахским, чтобы государственный язык был единственным в этом статусе.

### Без терминологии язык не развивается

Язык является основой осуществления правоотношения, признаком конституционно-правового статуса государственного образования, культурной ценностью, признаком развитости нации и постоянно нуждается в совершенствовании языкового законодательства и научной базы языка. К сожалению, ни научная основа языка, ни языковые законодательство, ни развитие казахского языка за годы независимости кардинально не изменились.

Научная база казахского языка советского периода развивалась в соответствии с советской идеологией формирования «советского народа» с единым языком и культурой, подавления национальных языков и культур. Лексическое обогащение казахского языка было ограничено ненаучной формой заимствования из русского языка, когда т. н. заимствованные слова писались в русской орфографии и произносились в соответствии с русскими орфоэпическими нормами.

Поэтому казахский стал «тенью» русского языка и был в опасной близости к быстрому угасанию. К 1989 г. казахский язык был вытеснен из ряда социально важных сфер функционирования языка: общественно-политической, законодательной, судебной, сферы науки, высшего образования и др.

До сих пор не разработана концепция развития казахского языка в контексте выхода из «сетей» советской языковой политики, не подведена теоретическая база оздоровления языка, не говоря о развитии казахского языка в глобальной Сети, о назревшей

большой реформе казахского языка.

Для сравнения: в РФ принят закон о госязыке, имеются Институт русского языка, Институт языкознания РАН, Московский лингвистический университет, Институт языков и культур им. Л. Толстого, Литературный институт и др., мощное книгоиздательство с государственной поддержкой, развитие СМИ.

В обществе назрело понимание глубинных проблем казахского языка, которые граничат если не с его утратой, то с превращением его в бытовой язык, не способный формировать нацию, возрождать национальную культуру, менталитет, соответствовать статусу госязыка.

Главные признаки литературного языка – его нормированность (наличие норм), стандартизация (сведение свободных вариантов языковых единиц к одному с соответствующей фиксацией в словарях, грамматиках и т.п. как основа нормализации языка) и кодифицированность (описание норм в справочниках, словарях).

Эти параметры в казахском языке до сих пор не развиты из-за низкого уровня казахской лингвистики. (Кодифицированный язык – подвергшийся обработке в соответствии с языковыми нормами. **К кодифицированным формам языка относятся литературный язык, терминология; к некодифицированным формам существования языка относятся жаргоны.**) Закон о госязыке поднял бы на новый уровень отечественное языкознание.

Для выполнения роли госязыка казахский должен стать кодифицированным. По вышеуказанным и другим признакам **казахский – некодифицированный (ненормированный) язык, по этой причине есть препятствия для выполнения функции государственного языка, языка науки и т.д. И эту проблему надо**

решить до смены графики.

Например, при попытке расширения функций казахского языка, в частности, в законодательной сфере, в парламенте испытывается нехватка профессиональных юристов, переводчиков, языковедов, потому что имеются затруднения при написании терминов, стилистического оформления текста на казахском языке, возникают проблемы с аутентичностью текстов на разных языках подписания. На казахском языке приняты всего два закона!

По этой причине нередко не ратифицируются законопроекты из-за некачественного перевода. **Полешный переход на латиницу – вначале надо решить проблему терминов и заимствованных слов.**

**Проблема неразвитости национальной терминологии и заимствований – это основная проблема, которая не решается на должном уровне.**

В каждой отрасли должны быть компетентные казахскоязычные специалисты, которые должны разработать отраслевые термины. Лишь после этого термины изучаются лингвистами и выпускаются словари. Оказалось, у нас не работают группы специалистов по отраслевым терминам – нет организации их работы и финансирования.

Например, в «вирусное» время часто используемый термин казахском звучал как тэж, тэж вируссы, тэжвирус, тэж-вирус, в социальных сетях – каранавирус, но все же чаще использовался вариант из русского языка – коронавирус. В кодифицированном (стандартизированном) языке должен быть один определенный термин и его производные варианты.

# ҚазАқпарат – сол баяғы ҚазТАГ...



**Отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту ісіне зор үлес қосып келе жатқан «ҚазАқпарат» агенттігінің бастағанына 100 жыл толып отыр. Осынау атаулы дата аясында ақпарат агенттігінің жүріп өткен жолы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен оқырман қауымды хабардар етуді жөн санадық.**

Адамзат қашан да ақпаратқа мұқтаж. Ал журналистиканың негізгі міндеті – халыққа ақпарат тарату, жұрттың ақпаратқа мұқтаждығын өтеу. Дәл осы міндетті ғасырға жуық уақыт бойы дәстүрдей ұстанып келе жатқан еліміздегі жетекші ақпарат құралының бірі – «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. Биыл агенттікке 100 жыл толғалы отыр.

Алдыңғы толқын ағалар кешегі советтік кезеңдегі ҚазТАГ-тың дүрлідеген дәуірінен әбден хабардар. Әсіресе, сол кездегі биліктің сөз, пленум мен кезгесі материалдарын телетайптан күтететін журналистер үшін де ҚазТАГ ресми жаңалықтар орталығы саналатын. ҚазТАГ несімен қуатты болды? Өйткені ҚазТАГ-тан келген ақпарат ешқандай күттірмей, кейінге ысырмай күтпесті жарияланатын. Сосын агенттікпен келген жаңалықтар ешқандай өзгертілмейді, түзетілмейді! Үшіншіден, ҚазТАГ-пен республика басшылығы да санасып, оның таратқан ақпаратына өңірдегі басшылар да мән берді, назар аударып отырды. Осының өзі өткен ғасырдан бері елімізде ақпарат таратып келген бірден бір агенттіктің бедел-биігін әрі ҚазТАГ-тың Қазақстандағы алдыңғы қатарлы маңызды идеологиялық ұйым болғанын білдіреді.

Агенттік 1920 жылы РОСТА-ның Орынбор-Торғай бөлімшесі ретінде құрылды. 1921 жылдың 5 наурызында Қырғыз (Қазақ) АССР Орталық атқару комитетінің қаулысымен РОСТА-ның Орынбор-Торғай бөлімшесі ҚырРОСТА болып қайта жасақталады. Кейіннен 1925 жылы ҚазРОСТА, сосын ҚазТАСС, ал 1937 жылы ҚазТАГ болып өзгеріп, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қарауына берілген. Бұл және одан кейінгі соғыс жылдарындағы кезеңді қоса алғанда ҚазТАГ тарихының

қалыптасу кезеңі деп атауға келеді. Одан кейінгі агенттіктің даму дәуірінде орлеу мен құлдыраулар да болғаны мәлім.

## АУДАРМА ҰСТАХАНАСЫ

Кеңес Одағы тұсындағы қызметін айтқанда, ең бірінші кезекте ҚазТАГ-тың міндеті саяси құжаттарды, қаулыларды, одақ пен орталық басшыларының сөздерін, баяндамаларын халыққа жеткізу, қазақ оқырмандары үшін бұны қазақшаға аударып, тарату болғаны белгілі. Осы қызметтің арқасында ҚазТАГ қоғамның саяси сауатын ашуға ғана емес, қазақ тілінің саяси-публицистикалық бағытын дамытуға да үлкен үлес қосты. Бір сөзбен айтқанда, ҚазТАГ саяси жаңалықтар штабына айналып, республикалық, облыстық және аудандық басшылардың барлығы агенттіктің ақпаратына тәуелді болды. Агенттік ТАСС арқылы келетін Одақ пен шетел жаңалықтарын Қазақстанға, ал еліміздегі аса маңызды оқиғаны Мәскеу арқылы Одаққа таратып отырды.

ҚазТАГ ресми баспасөзде басылатын елдегі аса маңызды материалдардың қазақшасына да жауапты болды. Бір әріптің қисайғаны үшін атылып жатқан режимде бұл аса үлкен жауапкершілік еді. Өйтсе де мұның өзі аударманың төл тілімізге апаратық публицистиканы қалыптастыруға зор септігін тигізді. Сондықтан да қазіргі қазақша ақпарат тілінің негізін ҚазТАГ-тың аудармашылары жасады десек жаңылыс айтқандық болмас. Қасым Шәріпов, Хасен Өзденбаев, Жүсіп Алтайбаев, Әбен Сатыбалдиев, Кәкімжан Қазыбаев, Жасмылқ Түменбаев, Жұмағали Ысмағұлов, Бисұлтан Аманғалиев, Нұрмахан Оразбек сынды қазақ журналистикасына белгілі майталман қаламгер, атақты аудармашылардың бәрі де ҚазТАГ қабырғасында қызмет етті. Тіпті бір кездері ҚазТАГ-та жұмысқа қабылданудың өзі сол адамның білім-өресінің жоғарылығын, біліктілігі мен жауапкершілігін, ұқыптылығын білдірді. Сондықтан да, ҚазТАГ аудармашылары сол талап үдесінен шығып қана қоймай, орысша ресми мәтінді жатық та тұшымды қазақ тілінің аясына түсірген, саяси аударманың қазақы арнасын салғанын ілтипатпен айта аламыз. Қазіргі күні тілшілер қауымы көп талқылайтын тер-

мин мен ұғынықты аударма мәселесінің біразын сол кездегі аударма саласының ардагерлері ретке түсіріп кеткенін ашық айту керек. Мысалы «Қысқарған сөздердің қазақ тілінде қолданылуы» атты мақаласында ҚазТАГ қаламгері Қасым Шәріпов: «Қысқарған сөздерді аудармалау мәселесіне өте абайлау керек. Мен қысқарған сөздер деп орыс тіліндегі қысқарған сөздер терминдерінің күнделікті тұрмыстық жағдайда өздері-ақ тілімізге еніп үлгірген НЭП, ЗАГС, колхоз, совхоз т. б. белгілілерін айтып отырмын. Тілшілердің қысқарған сөздер аудармасында қандай да бір шектеу болуы қажет деулері өте дұрыс. Өйткені тілдің сөздік қорына олардың аз ғана мөлшері кіреді, көбі қызметтік ресми болып қала береді. Және де қысқарған сөздердің тым көп болуы, тілдің дамуына кері әсерін тигізеді» – деген пікірді ортаға салған екен. Дәл осыны Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Қонаев Брежневке жазған хатында көрсетіп: «Шәріпов және Сағындықов жолдастардың мақаласында орысша қысқарған сөздердің қазақ тілінде қолданылу теориясы көтерілді, меніңше маңызды жағынан дұрыс және тәжірибелік мәні бар сияқты» – деп мұны ОК бюросында қаруды ұсынған.

## АҚПАРАТТЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ АЙ-ТУЛЫ МЕКТЕБІ

ҚазТАГ жұмысының Одақ көлемінде биіктен көрінуіне әр жылдарғы Аркадий Иванович Вятч-Кириллов, Қасым Шәріпов, Кеңес Үсебаев, Жүсіп Алтайбаев, Кәкімжан Қазыбаев, Жұмағали Ысмағұлов, Амангелді Ахметәлімов секілді басшылары рет сәлемітің тигізді. Білікті басшылықтың арқасында 1970-80 жылдары ҚазТАГ Одақ бойынша ТАСС пен РАТАУ-дан (Украина ақпарат агенттігі) кейінгі орынға шықты. Он бес республика арасында хабар таратуда басқаларды да мойындатты. Білікті басшылар ҚазТАГ-тың тәжірибесімен танысуға Арменияның, Өзбекстан мен Қырғызстанның және басқа да республикадан тілшілер арнайы келіп тұрды.

ҚазТАГ ресми аудармамен ғана шектеліп қалған жоқ, ақпараттық публицистика үдерісін қалыптастыруға күш салды. Қазақ журналистикасының көзі тірі ардагерлері әсіресе өткен ғасырдың 80-жылдарының басында Кәкімжан Қазыбаевтың ҚазТАГ-қа жетекшілігін ерекше ықыласпен еске алар еді. Шын мәнінде бұл агенттік тарихындағы ғана емес тұтастай қазақ журналистикасындағы жемісті жылдар болды. Өйткені, дәл осы Кәкімжан Қазыбаев басшылық жасаған кезеңде ҚазТАГ-тың материалдық-техникалық базасы жақсарып, оперативтілік үдеді. Қайсар мінезді қаламгерлер, мықты мамандар да ҚазТАГ төңірегіне топтасты. Соның арқасында бұрын ресми органдардың қысқа-қысқа қарабайыр ақпаратымен шектеліп келген ҚазТАГ енді жаңалыққа

негізделген талдау материалдарын да бере бастады. Осы мақсатта ҚазТАГ жоғары жаалақымен қаламы жүйрік журналистерді, білікті аудармашыларды өзіне тартты. Өлбетте бұл осы жылдары агенттіктің жұмысы біркелкі болды, ұдайы қоғамның үдесінен шықты дегенді келдірмейді. Өйткені советтік кезеңде ҚазТАГ белгілі себептермен сол уақыттағы нақтылы оқиғаларды жан-жақты қамтыған жоқ. Қамти да алмайтыны түсінікті. Бірақ соған қарамастан агенттікте қызмет еткен қаламгерлер тұтастай ұлт баспасөзінің адымын ашатын қадамға барып отырды.

ҚазТАГ-та шыңдалған қызметкерлер республикалық, облыстық басшылыққа ауысып, онда да тыңнан сүрлеу салды. «Орталық Қазақстан» газетін басқарған Нұрмахан Оразбек туралы дәл осылай айтуға болады. Саяси өмірдің өзгерісін күн сайынғы жұмысында сезіп жүрген Нұрмахан Оразбек ҚазТАГ-тан облыстық газеттің бас редакторы болып ауысып барғаннан кейін замана талабын да алғаш болып өңірге енгізді. Нұрмахан Оразбек газеттің маңдайшасындағы «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер» деген ұран сөзін «Бас кіспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мәтелмен ауыстырды. ҚазТАГ қабырғасында әбден қалыптасқан қаламгердің саяси өмірді көрегендікпен болжағанын осыдан аңғаруға болар еді.

## БҰРЫН ОРЫСША-ДАН ҚАЗАҚШАҒА, ҚАЗІР ҚАЗАҚШАДАН АҒЫЛШЫН, ҚЫТАЙ, ӨЗБЕКШЕГЕ...

Тәуелсіздік дәуірі басталғанда ҚазТАГ ұлттық мүдде жолына да біртіндеп ойысты. Совет одағында ҚазТАГ-тың жаңалықтары қазақ оқырмандарына орысша, енді тікелей қазақша төл ақпарат тарату ісі күн тәртібіне шықты. Осы үшін 1997 жылы сол кездегі Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы Қазақ ақпарат агенттігінің (ол кезде ҚазААТ құрыл-ред.) қазақ редакциясын қолдуды білікті маман, қарымды қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы ақпарат жазатын журналистерден бұл әдеттен арылып, қазақ тіліндегі жаңалықты еркін жазуды талап етті. Аз уақыт ішінде агенттікте қазақ редакциясының сүйегі қаланды, ұлт тілінің ақпараттық стилдің жатық үрдісі жоғра түсті.

Тәуелсіздіктен кейінгі агенттіктің айтулы қадамының бірі – Қазақстанда БАҚ арасында алғаш болып латын әліпбиін енгізуі еді. Елбасы бастамасымен соңғы жылдары біртіндеп көшу жүріп жатқан латын әліпбиін «ҚазАқпарат» ХАА осыдан тура 16 жыл бұрын қолдануды бастаған. 2004 жылдың сәуір айында академик Әбдуәли Қайдар нұсқасымен қазақ

тіліндегі ақпарат әлемге латынша таралды. «Бұл идеяның әуелде өмірге келуіне - шет елдердегі қандастарымызға Қазақстан жаңалықтарын қалай жеткізсек деген жанашырлық мүдде түрткі болды. Сырттағы қазақтардың көбі латыншаны пайдаланатындықтан, кирил әрпін танымайды. Осыған орай Қазақстан хабарларын «ҚазАқпарат» сайты арқылы латын әрпінде жеткізіп тұру үшін латынша сайт толыққанды іске қосылды», - деп еске алады Жарылқап Бейсенбайұлы. Агенттіктің бұл латыншасы кейіннен мамандар арасында «ҚазАқпараттық нұсқа» деген атпен танымал.

Латын нұсқасы арқылы «ҚазАқпараттың» халықаралық қадамына негіз қаланып, әлемдік ақпарат кеңістігіне ұмтылыс жасады деуге болады. Өйткені, латыншадан кейін көп кешікпей агенттіктің төте жазу сайты ашылды: шетелдегі, әсіресе Қытай мен Иранның төте жазу мектебінің қазықтары Атажұрттағы ақпаратпен сусындай бастады. Одан кейін қытай тілдік нұсқасы, былтыр өзбек редакциясы құрылды. Осылайша, бір кездері тек орыс тіліндегі ақпараттың Қазақша аударып қана қатын ақпаратты тікелей орыс, ағылшын қытай және өзбек тілдеріне аударып әлемге тарата бастады.

Түйіндей айтқанда, «ҚазАқпарат» журналистері кезіндегі ҚазТАГ қаламгерлері салып кеткен шығармашылық дәстүрді, соның ішінде қазіргі ақпарат ғасырында қатты талап етілетін шапшаңдық пен шеберлікті серік етіп келеді. Мемлекеттік ақпарат агенттігі жаңалықты дер кезінде жедел жеткізуді, экономика мен мәдениеттегі, жалпы қоғам тіршілігіндегі оқиғаларды қалың бұқараға тиынақты дәлдікпен хабарлауда ең нақты қағидаға айналдырды. Бұл ретте «ҚазАқпарат» сол баяғы атақты ҚазТАГ-тың дәстүрінен алшақтамай, тәжірибе сабақтастығын жалғастырып келе жатқанын айту парыз. Өрине, заман талабына сәйкес «ҚазАқпарат» ХАА мүдде жаңа деңгейге көтеріліп, мазмұн мен сапа тұрғысынан да айтарлықтай түрленді. Бұған агенттікке тәуелсіздіктен бергі әр жылдары басшылық жасаған Мұрат Өренов, Ғәділбек Шалахметов, Жанай Омаров, Дәурен Дияров, Әсел Төлегеновалардың үлесі зор. Айта кетерлігі, биыл «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігінің құрамына «Қазконтент» АҚ қосылды. Бұл қазіргі күні республикамызға, шет елдерге танылған бірқатар ақпараттық-танымдық интернет-ресурстарының ауқымды тобы ғасырлық шежіресі бар «ҚазАқпараттың» төңірегіне топтасқанын білдіреді. Ендеше агенттіктің Басқарма Төрағасы Асқар Умаровқа да үлкен жауапкершілік жүктеліп, мемлекеттің ақпарат саясатында зор сенім артылып отыр деген сөз.

**Қанат ТОҚАБАЕВ**  
«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі Бас редакторының орышбасары

Оқырман назарына ақын Наурызбай Жарбосынұлының бір шоғыр жыры ұсынылып отыр. Не нәрсені жырласа да ынттық жүрекпен тебірене толғайтын шайырдың, әсіресе, қастерлі туған жерге деген кіршіксіз сүйіспеншілігі, қалтқысыз ақ-айдын көңілі ә дегеннен-ақ айқын сезіліп отырады.

Науайы уәлаяты, Кенимех ауданында туған Наурызбай 1997 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірді. Алғашқы туындылары аудандық газеттерде жариялана бастаған жас ақын жыр көгінде біртіндеп қанат жайып, республикалық «Егемен Қазақстан», «Астана ақшамы», «Атамекен» сияқты басылымдар мен «Алтын бесік», «Асыл мұра» журналдарында жиі көрініп келеді. Сондай-ақ оның өлеңдері «Алтын алқа», «Қоштасқым келмейді» «Дала жыры» сынды жыр топтамаларына енгізілген. Наурызбай 1996 жылы Қанарбай Әулиенің 160 жылдық асына орай Тауелібай өлкесінде тұңғыш рет ұйымдастырылған жыр мүшәйрасында бас жүлде иегері атанды. Ол – 1999 жылы Астанада өткен шетел қазақтарының «Армысың, Атамекен!» атты жыр мүшәйрасының лауреаты. 2002 жылы Түркістандағы II Дүниежүзі Қазақтары құрылтайы аясында өткізілген мүшайрада жүлделі 2-ші орын иеледі. 2007 жылы Алматыда Қауымдастықтың он бес жылдығына орай ұйымдастырылған жыр мүшәйрасында да 2-ші орын алды. Ал 2013 жылы, 24-тамызда Ташкенттегі Қазақстан – Өзбекстан арасындағы достық келісімінің он бес жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық мүшайрада 1-орынды иеледі. 2013 жылы Алматыда өткен Шайыраралық өнер фестивалы мүшайрасында да 1-орын жүлдегері атанып, биіктен көрінді.

2015 жыл, 10 маусымда Ташкентте ұйымдастырылған ұлы Абайдың 170 жылдығына байланысты жыр мүшайрасында жүлделі 1-орынға ие болды.

2018 жылы Астана қаласында «Қасиетті қазақ елі» атты Халықаралық өнер фестивалі аясында болған Жыр мүшәйрасында жүлдегер атанып «Сұлтанбек Қожанов» арнайы жүлдесімен марапатталды.

#### КИЕ

Ер жігіттің көзінде оттылық бар,  
Сұлу қыздың сөзінде тәттілік бар.  
Көңілінде сәбидің – кіршіксіздік,  
Тегіне тартқан ұлда тектілік бар.

Аналардың ділінде ақ тұнық бар  
Бабалардың үнінде сәттілік бар.  
Балуанның балағында кеңдік жатыр,  
Төренің толғамында нақтылық бар.

Көсемнің төбелік бар кесімінде,  
Шешеннің төрелік бар шешімінде.  
Әлдің түп төркіні – адамилық,  
Сәбидің киепет бар бесігінде.

Жыраудың жырларында өсиет бар,  
Аққудың сұңқылында қасиет бар.  
... Адамның жан-дүниесін азынатар,  
Ботаның боздауында қасірет бар...

Тұлпардың құдіреті – тұяғында,  
Сұңқардың кереметі – қияғында.  
... Кие бар туған жерде:  
Жүгінем кеп,  
Алдымен ақын болып құярымда.

#### БАУЫРЛАР

Менің жүректерім,  
Менің тіректерім!  
Сендерді сағынғанда көрсеңдер ғой –  
Бұлдырық-жрегімнің дір еткенін.

Сендер – алауымсыңдар,  
Жаныма жалауымсыңдар.  
Бабалар қанынан бір –  
Таралған тарауымсыңдар.

Қырағы көздеріңсіңдер,  
Құнарлы сөздеріңсіңдер.  
Өрнекті өміріңнің –  
Өзегі өздеріңсіңдер.

Сендер барда сезінем дәуір барын,  
Сендермен бір дүкіреп,  
жалындадым.  
Ең басты байлығымда сендерсіңдер,  
О, менің бауырларым –  
Менің лағылдарым!

#### АКСИОМА

Батыр адам жасқануды білмейді,  
Қоян жүрек көлеңкеден қорқады.  
Ішітарлар өз кіндігін күндейді,  
Көзі тоймас қоңырсытар қолқаны.

Пасықтардың ділінде жүр пышағы,  
Пысықтардың түспес қолдан қалқаны.  
Аңқау құрғақ ауаны да құшады,  
Мешкейдің бар екі ұртында талқаны...

Сараң адам берген күні-өледі,  
Жомарт адам сұрағанды намыс дер.  
Күйгелекке қара аспан кеп төнеді,  
Еріншекке жеткізбейді қарыс жер.

Көсем адам көре-көре екшейді.  
Шешен адам туғанын да аямас...  
Өсер адам тек биікті көсейді,  
Өшер адам өрбітеді ой ағаш.

# МЕН – ДАЛАНЫҢ ҰЛЫМЫН!

Заржак жағы талса-дағы қақсайды.  
Мақтаншақтың кереметін тойда көр.  
Өтірікші шындықты айтса аңсайды.  
Тасбақадан сүт сауады айлакер.

Пендешілік өзгеге ор қайымдап,  
Жағымпазға мәймөңкелік іш тартты.  
... Асан қайғы Қорқыт көрін уайымдап,  
Абай ақын Сөз Патшасын ұстартты.

\*\*\*

Аспанымды басқан кезде қара бұлт,  
Жан дүнием жасын болды тілгілеп,  
Бар болмысым жарық нұрдан жаралып,  
Жанарымнан керуен салды мұңды леп.

Иінімді игілікпен күптетіп,  
Иығымды көгіме кеп тіредім.  
... Толғақты ойды салмақты оймен  
жүкті етіп,  
Митың тірлік кешіп келер жүрегім...

Мен жүдесем – жарықсыз да парықсыз,  
Босқа өткен уығымнан жүдеймін.  
Мұнда барда, айналайын халық, сіз,  
Табанымды тек, өзіңе тіреймін.

Безгек қағып табанымнан тозайын,  
Өзекті ойым дерт боп тисін ойлыға.  
Шат-шадыман болсыншы деп көзайым:  
Асылам кеп Ана-Жердің мойнына.

Белден басам белесті де елесті,  
Өлең болды қасиетті тұмарым.  
Ертең-ерте-е-ең... (ол жағы әлі көмескі)  
Кит етсем-ақ шыға келер күмәнім.

Көгімнің де толыспаған-ды көгені,  
Жоқ емес-ті үкіленер нарқасқа.  
... Абай сынды айқайлағым кеп еді:  
Мандайымды соғып алдым жартасқа.

\*\*\*

Ақиқатты айтқан кезде  
Ар алдында кішіремін.  
... Шындық жолдан қайтқан кезде  
Жалпағынан түсіремін!..

Торғай-шындық шырылдаса –  
Аждаһадан ара түсем.  
Қорқау-жалған ырылдаса –  
Алқымынан ала түсем!

Өмір жолы – көпір... ұқтым...  
Шындық сонда шырақ маған.  
... Қарсы келген өтіріктің  
Мандайынан бір-ақ соғам!

#### ҚАЗАҚЫ ТҮЙІН

Шыққан тегім – қазақ, бұдан айныман,  
Мұны айтуға мен несіне қаймығам.  
Қазақы қан тулап бойда тұрғанда,  
Қазағым деп шаттанам да, қайғырам.

Тізгін бермей тасырлар мен масылға,  
Көш түзеймін ғасырлардан ғасырға.  
Қазақиямды қаз қалпында тұтармын,  
Қазақ болып туған болсам расында.

Ана тілмен әрленем де бәлденем,  
Өз тіліме жүрегімнен төр берем.  
Менің қазақ екендігім рас болса,  
Қазақ тілі өлген күні – мен де өлем.

#### АЛТЫН ТІЛ

Зор дауысы болып келген даламның,  
Қазақ тілі – туған тілі бабамның.  
Бабам тілі тұғырында толқыса  
Бекзадасы болам әлі ғаламның.

Безек қаққан әлдиі боп санамның,  
Осы тіл ғой ана тілі анамның.  
Егер менің ана тілім ақсаса –  
Қанатымнан қайрылып мен қалармын!

Ұрпақ үшін зор мәртебе, зор айбын:  
Қазақ тілі – алтын тілі Абайдың!  
Алтын тілім құлдырайтын хал кешсе:  
Құбылаға қай бетіммен қараймын?!

Өлмес өлең,  
Жыр көгінде жанған Күн,  
Қазақ тілі – маржан жыры Мағжанның.  
Махамбеттің тілі еді ол – алдаспан;  
Даңғыл үні Ахметтей заңғардың!

Тәңірімнің бізге медет, тірегі:  
Қазақ тілі – бар қазақтың жүрегі!  
Сол жүрегім мәңгі соғып тұрсын деп,  
Көз ілдірмей күрес жүргіз үнемі.

#### ТҮЛПАР

Тұлпар қалқып барады Күн астында...  
Құйрық жолы төгілген қанаты оның.  
Дес береді тайсалмай мың асқынға  
Тек көсіле тоздырсын дала төрін...

Жүйрігіне сүйсіне көзін тастап,  
Қырлар жатыр төсінен күй ағытып,  
Баурап алған тұлпарды сезім-асқақ,  
Тиер емес жерге оның тұяғы түк.

Өрт салған соң осынау бал шағымен,  
Бүкіл тірлік көз алмай қауапаған...  
Ерке самал тым нәзік саусағымен  
Кекілін кеп тұлпардың тарап қалар.

«Ауыз толар бір ерлік жасап барып,  
Құласа сонда құлар, қара да тұр...»  
Қос ығынан дем ала масаттанып,  
Ықыласын үйіре дала жатыр...

Қас жүйрік мұндайда шын аянсын ба,  
Құлашын алыстарға жазады тек.  
Тасарынан дүние оянсын да  
Түкте те ойламас тұяғым тозады деп

Қақыратып ауаны екпінімен,  
Аққан жұлдыз секілді барады ұшып.  
Моншақ-моншақ шерлерін төкті  
білем  
Құмарына шабыттың қана түсіп...

Бар ағынға сор болып ағылды алға,  
Шын құдірет кім болсаң да арбайды анық.  
Көкірегің керетін сағымдар да –  
Қалуға тек жарап тұр таңдай қағып.

Демін тартып ішіне Дала тұнған,  
Болат тұяқ барады таратып ән.  
... Тектіден туған мен де тұлпар едім,  
Болмысы дархан күйге жаратылған.

#### ЖҮЛДЫЗ

Әке жаққан көсеулі от,  
Оны өрбітер біз бармыз.  
Ағайынды бесеу ек,  
Ортамызда қыз жалғыз.

Ешкімнің жоқ таласы:  
Қыздың асыл заты, рас.  
Сол бесеудің бағасы  
Жалғыз қызға тағымас.

Мұның айқын себебі:  
Қыздың жолы – жебішке.  
Жалғыз қыздың дегені –  
Ұласады ұлы іске.

Күн сәулесі шашылар,  
Айналып Ай-мүсінге.  
Көзге де ыстық басылар,  
Дара туғаны үшін де.

Наурызбай ЖАРБОСЫНҰЛЫ



# ЖАЙДАРЫ ЖАРҚЫН

Мектеп бітіріп, Қарағанды қаласындағы музыкалық училищеге түсуі де домбыра тартуы себепші болыпты. Қолында домбырасы бар бала жігіт қала аралап жүріп, бес қабатты бір үйдің алдына келгенде музыкалық училище деген жазуды көріп, ішке кіргенде: «Не ғып жүрген баласың» депті бір кісі. Ол училищенің директоры Төлеген Тоқтаров екен. Маған домбыра тартқызды. Сапаржан ағайдан үйренген «Арнау», «Маңқабыл», «Екпін», «Ақ арал» т.б. оншақты күй тартып бергенімде, ана кісі таңғалды да бүкіл мұғалімдерінің кабинетіне жинап алып, «сен дәлізге шыға тұр, жауабын айтамыз» деді. Сөйтіп училищеге емтихансыз қабылданып, студент атандым» деген еді бір кездескенімде.

Жарқынның училищеге студенттік өмірі домбыраның қыры мен сырын үйренуге жол ашады. Талай атақты күйшілердің күйін үйреніп қана қоймай, оны еркін ойнауға бергісі жетеді. Сөйте жүріп, өнерге жеткен белгілі адамдардың өмірлеріне жете мән беріп, ел ішінде назардан тыс қалғандарды зерттеп білгісі де келген. Соның бірі Ақтоғай ауданында тұрған 60 жасқа келген шертпе күйдің шебері Аққыз Ахметованы да іздеп баруы. Күйшінің күйін тыңдап, күйін үйренеді және әнін де тыңдайды. Көп кешікпей Аққыз күйші туралы бірінші рет мақала жазып, елге танытады. Жарқынның енді бір ізденістен тапқаны Арқаның атақты әнші, «Қаракесек» әнінің авторы Мәди Бапиұлының суретін тапқандығы да ел үшін үлкен жаңалық болған. Сурет Мәдидің қарындасының күйеуі Тоқаш Кәдікеев деген ақсалқалдың үйінде 46 жыл сақталып келген жөнінде «Орталық Қазақстан» газетіне мақала жариялайды. Материалды оқыған белгілі жазушылар—Әлжапар Әбішев, Сапарғали Бегалин және ғалым Рымғали Нұрғалиев: «Мәдидің суреті жоқ еді, бұл тың дерек болды, оны тапқан жап-жас бала екен» деп еңбегін жоғары бағалайды және де қошемет көрсетеді. Талапты жасты Алматыға шақырып, жоғары білім алуға ақыл кеңестерін береді.

Жарқын Шәкәрім Алматыдағы консерваторияға түскеннен соң оның музыка өнеріндегі жаңа кезеңі басталады. Өнер ордасының қара шаңырағы атанған Құрманғазы атындағы консерваторияда ол талай атақты адамдармен жүздеседі. Ахмет Жұбанов, Брусиловский, Латифа Хамиди, Болат Сарыбаев және тағы да басқа көптеген өнер мейрамдарының көзі көрсе, домбырадан сабық берген Құлыш Мұхитов, Бақыт Қарабалина, Қабидолла Тастановтардан сан қырлы күйшілерді жан-жақты танып, олардың ойнау шеберліктерін де үйренеді. Әсіресе, қазақтың ұмытылып бара жатқан көне аспаптарын қайта жаңғыртуда игілікті жұмыс жасаған Болат Сарыбаев ізденісі Жарқынға да қанат бітіреді. Бала кезінде үш ішекті домбыраны ұстап, ойнағанын консер-

ваторияда қайта жалғастырып, есінде қалған күй сарындарын тірілтуге қадам жасайды. Жарқынның бұл бетбұрысын құп көрген ұстазы Болат Сарыбаев өзінің Абузар Аухадиев деген шебер жасаған үш ішекті домбырасын сыйлап, аспапты терең меңгеруіне үміт артқан. Жарқын ауылдағы Ысқақ күйшінің сарындарын біртеңдеп есіне түсіріп тарта бастайды, неше түрлі күйлерді қалпына келтіріп, қайта өмірге әкеледі. Сан ғасырлық тарихи бар үш ішекті домбыраны жаңғыртып, шәкірттер тәрбиелеу ісін де қолға алады. Жарқын ағамыз бұл жайтты бір кездесуде: «Болат ағам сыйлаған үш ішекті домбыраға 40 жылдан астам уақыт болды. Сол жылдардан бері аға сыйлаған домбыра менің жан серігім болып келеді, талай күйлер орындап, шәкірт тәрбиеледім. Осындай домбыраны Абузар Аухадиев деген шебер Нұрғиса Тілендиевке жасапты. Үш ішекті домбыраның кәдімгі домбырадан ерекшелігі бір дауысы мен бір дыбысының артықшылығы және астыңғы екі ішегі теріс бұрау болса, ортаңғы ішекпен үстіңгі ішек оң бұрау болып келеді. Қазақтың екі ішекті домбырасында теріс бұрау, оң бұрау деп күйлер орындалып жатса, үш ішекте бұл жоқ. Ертегі күйлердің сарыны үш ішекте келе береді. Менің үш ішекті домбыраға жақын болуым, жас кезімде ойнағанымды Болат аға естіп, «сенің қолыңнан келеді деп домбыра сыйлауы содан. Және де ағамен жақын жүруім ұлттық өнерді жете түсінуіме де көмегі көп тиді. Ол кісі қазақтың ерте қолданысқа болған 30-дан астам көне аспаптарын тапты, өмірге әкелді. Өшіріп бара жатқан жетіген мен шертер 1968 жылға дейін болмады. Осы жылдан кейін қайта жаңғырды. Бұдан кейін Болат Сарыбаев ағамыз саз сырнай, асаяяқ, үскірік және басқа көне аспаптар өмірге қайта әкелді. Қазақтың көне музыкалық аспаптарының кестесін жасаса, тұңғыш рет этнографиялық-фольклорлық ансамбльді құрды. Болат Сарыбаевтың осы еңбегі үшін ескерткіш тұрғызуына болады» деп айтқаны бар еді. Болат Сарыбаевтың еңбегіне жанашыр болған Жарқын көне аспаптардың негізінде «Сазген» атты ансамбль құрып, оның көргендік жетекшісі болған. Өзбекәлі Жәнібековпен бірге қазақтың ұлттық аспаптарға арналған мұражайдың негізін қалауға атсалысты және директоры болып та қызмет етті. Сондай-ақ, үш ішекті домбыраға арналған «Арнау» оркестрінің негізін қалады. Мұның бәрі Жарқынның ұлттық өнерге жанашырлығынан туған нәрсе еді.

Жарқын Шәкәрімнің тағы бір айырықша еңбегі ұлтымыздың мақтанышы болған әнші Әміре Қашаубаевтың даусын 1974 жылы Мәскеудің мемлекеттік мұрағатынан табуы. Әншінің фонографқа сақталған «Ағаш аяқ», «Смет», «Бесқаракер», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Балқадияш» және «Дударай» әндерінің үн таспасын тауып, баспасөз бетіне жариялап, елімізден сүйінші сұрағаны да тың жаңалық еді. Араға бір жыл салып барып, бұл

әндердің күйтабағының шығуына да Жарқын үлесін қосты. Сонымен қатар 1975 жылы академик Ахмет Жұбановтың орындауындағы тоғыз күйін Санкт-Петербург пен Мәскеу архивтерінен тауып, Алматыға әкелуі де өнер зерттеушісінің ізденісінің жемісі. Ал оның қаламгерлік шығармашылығының көбі оны саңлақтарының өнегелі өмірі мен таланттық қырларына арналған зерделі еңбектер. Қаламгердің қаламынан «Әміре», «Ән жұлдызы», «Домбыра сазы», «Амре Қашаубаев» орыс тілінде, «Малайсарыдан Шәмілге дейін», «Ән асқары», «Құрманғазы», «Нұрғиса Тілендиев» және басқа он шақты кітаптардың авторы. Жарқын Әміре Қашаубаев туралы терең зерттеп, ой елегіне өткізіп барып жазған. Ол кітаптарды оқи отырып, Жарқынның әміретанушы екенін білесің. Үлкен талант иесі қарымды журналист ретінде танымалдығы қазақ теледидарында жарқырап көрінгені көптің есінде қалды. Оның телевизияда көрермендердің сүйікті бағарламасына айналған «Замана бұлбұлдары», «Домбыра сазы», «Терме», «Шашу», «Күй-шежіре», «Инжу-маржан» тәрізді хабарлары көптің көңілінен шығып, танымдығы жағынан да ерекшеленді. Әр хабарында еліміздің әр түкпірінде жүрген не бір өнер жүйріктерін іздеп, елге танытты.

Хабарды көре отырып, атақты күйшілер Төлеген Мамбетов, Елемес Таласбаев, Омарұл Қошмамбетов, Мағамбетов, Боранқұл Керімқұлұлы, Шардара Ақылбеков, Уәли Бекенов сияқты дарын домбырашылардың өзіндік келбетін көріп, айырықша қолтаңбасы бар шеберлерді танысың. Жарқын белгілі ғалымдарды, ел ішінде танылмай жүрген жыраулар мен жыршыларды да танытқан журналист болды. Ол халықтың арасында жүрген белгісіз біраз күйлерді бүгінгі ұрпаққа жеткізіп кетті. Оның орындауында «Құртқа тәуіп», «Қыз мұңы», «Жорға аю», «Көк қаршыға» сияқты халық күйлері сахнаға шықты, халыққа жетті. Жарқын композитор ретінде «Толғау», «Таскескен», «Қабанбай» және «Абыралыдағы ата зары» және басқа күйлердің авторы ретінде ел есінде қалды. Елімізде бірінші рет үш ішекті домбыраның негізін қалап, мектепте қалыптастырған да Жарқын Шәкәрім. Ол кісімен соңғы бір кездескенде: «Қазіргі жасқа келгенде өзімді-өзім енді ғана танып білдім. Өмірімде бірнеше тың ізденістер жасаппын. Әнші Әміренің дауысы, күйші Аққыз Ахметова туралы, Мәдидің суреті және академик Ахмет Жұбановтың күйі, үш ішекті домбыраның өмірге келуі. Осыны кейінгі ұрпақ біліп жүрсе бірге ғанибет», — деген еді. Ол студент кезінде бір жаныбег, замандастары Қаршыға Ахмедияров, Шәміл Әбілтаев, Айтжан Тоқтағанов, Әбдіманап Жұмабекұлы, Ермұрат Үсенов және басқалар туралы да көп айтатын. Жарқын Шәкәрімнің өткен ғұмыры міне осындай. Өмір жолын қазақ өнеріне арнаған асыл жанның мұрасы тарихта алтын әріппен жазылып қалары анық.

